

Жалпы Парламенттік тыңдаудың ұсынымдары бойынша Үкімет еліміздің су қауіпсіздігін сақтау бойынша қойылған міндеттер бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 24 қаңтардағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау үшін Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2020 – 2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Мембағдарлама) жобасын әзірлеу басталды.

Елдің су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану проблемаларын шешудің негізгі жолдарынан басқа мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмыс шеңберінде «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» заңды әзірлеу қажеттігі қаралатын болады, оны реттеу мәні гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесіне барлық қатысушылардың функцияларын және олардың жауапкершілік шараларын нақты ажырату болуы мүмкін.

Су кодексінің 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес бұлақтар жер асты су объектілеріне жатқызылған. Бұл олардың құрылысы мен қалыптасуының ерекшеліктерімен байланысты. Бұлақтар жер қойнауындағы атмосфералық судың есебінен құрылады, сондықтан олардың сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау үшін гидрологиялық зерттеу жүргізу қажет.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2019 – 2021 жылдар іске асыру мерзімімен су ресурстарының аудиті бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Осы жұмыс шеңберінде көшпелі далалық зерттеулер жүргізу жоспарланған, олардың қорытындысы бойынша өзендер, оның ішінде олардың қалыптасу аймағындағы бұлақтар бойынша ақпараттың айтарлықтай көлемін жинау және жүйелендіру жоспарлануда.

Бұдан әрі жиналған ақпаратты өңдегеннен кейін нақты су объектілері, оның ішінде бұлақтар бойынша қосымша зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде шешімдер қабылданатын болады, сондай-ақ олардың қорытындысы бойынша қажетті заңнамалық реттеу мүмкіндігі қаралатын болады.

Қазіргі уақытта республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқару және пайдаланудың жеткілікті тетігі жасалған, ол «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңында анықталған, сондай-ақ уәкілетті органның қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Жаңа Экологиялық кодекстің (бұдан әрі – Экокодекс) редакциясына кешенді экологиялық рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) ретінде құрал енгізіледі. Рұқсат ең үздік қолжетімді техникаларды қолдану есебімен берілетін болады, ол бәрінен бұрын суды тұтыну деңгейін төмендетуді немесе экологиялық тиімділікті көтеру бағдарламасын беруді ұсынады.

Су қорының жерлері шегінде, сондай-ақ ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер асты суларының учаскелерінде және кен орындары контурларында жер қойнауын пайдалану

бойынша операцияларды өткізуге тиым салу Су кодексінің 120, 125-баптарында және Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану кодексінің 25-бабында қарастырылған.

Осыған сәйкес Экокодекстің жаңа редакциясында көрсетілген тиымға тиетін учаскелер үшін экологиялық талаптар көзделген.

Су үнемдеу технологияларын енгізу, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау мен пайдалану үшін, сондай-ақ елдің су қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейту және трансшекаралық өзендер саласындағы Қазақстанның келіссөз комиссияларына ерекше мәртебе беру мәселелері де заңнаманы жетілдіру шеңберінде қарастырылады, сондай-ақ Мембағдарламада ескерілетін болады.

Ағымдағы жылдың 25 ақпанында Үкімет отырысында орталық және атқарушы органдардың су тасқыны кезеңіне дайындығы мәселесі қаралды, оның нәтижелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға бірқатар нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 11 ақпанында Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысында азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарының, күштері мен құралдарының 2020 жылдың су тасқыны кезеңіне дайындығы мәселесі қаралды.

Бұл мәселе Үкіметтің бақылауында тұр. Премьер-Министрдің орынбасары Р.В. Склярмен апта сайын негізде қабылданып жатқан шаралар туралы мемлекеттік органдардың есептері тыңдалады.

Азаматтық қорғау саласында дербес мемлекеттік органды құруға қатысты Қауіпсіздік кеңесі отырысының 2018 жылғы 30 мамырдағы № 18-21-02.2 хаттамасымен Үкіметке мемлекеттік аппараттың жинақылығын қамтамасыз ету және тиімсіз шығыстарды қысқарту мақсатында оңтайландыру жөніндегі жұмысты жалғастыру тапсырылды.

Осыған байланысты, азаматтық қорғау саласында дербес мемлекеттік орган құру мәселесі қазіргі уақытта асығыстық болып табылады.